

№28 “Ақбота” бөбекжай - балабақшасы

« Ақша және оның маңызы »

“Ақкөгершін” ересек тобы

Тәрбиеші: Альжанова Үрзада

2024-2025оқу жылы

Тақырыбы: «Ақша академиясы: « Ақша және оның маңызы»

Мақсаты: Балаларды қаржылық сауаттылықтың негіздерімен таныстыру, ақша туралы түсініктерін кеңейту, үнемдеу мен жоспарлау дағдыларын қалыптастыру. Ақшаның маңызымен, түрлерімен және қолданылу жолдарымен таныстыру. Ақша үнемдеу және дұрыс жұмсау дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы қаржылық сауаттылықтың алғашқы ұғымдарын түсіндіру.

Дағдылар:

Таным (қарапайым экономикалық түсініктер)

Коммуникация (диалог арқылы ой бөлісу)

Әлеумет (қарым-қатынас, шешім қабылдау)

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, Сұрақ-жауап, Дидактикалық ойындар,

Тәжірибелік тапсырмалар

Көрнекіліктер: Ақша, банк карточкасының суреттері.

Ойынға арналған реквизиттер (ойыншық ақша, дүкен сөресі, төлем картасы, төлем кассасы).

I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Балалармен амандасу, жағымды көңіл-күй орнату.

«Ақша не үшін керек?» сұрағын қою.

2. Әңгімелесу:

Ақша табу үшін не істеу керек? (Балалардың пікірін тыңдау).

Жай ғана ақша тауып алу мүмкін бе? (Еңбек ету, білім алу, үнемдеу керек).

II. Негізгі бөлім

1. «Ақша академиясына қош келдіңіз!»

Балаларға «академия куәлігі» (есімдері жазылған бейджер) таратылады.

Академияның директоры (Тәрбиеші) :

> «Бүгін сендер ақшаны қалай дұрыс жұмсау, табыс табу және көбейту туралы үйренесіңдер!»

2. Ақша табу және жұмсау (ойын-іс-әрекеті)

Тапсырма: Балаларға бастапқы капитал (ойын ақшасы) беріледі.

Жұмыс станциялары: Балалар бірнеше станцияға бөлінеді, әр жерде олар белгілі бір «қызмет» атқарады (суретке қарап әңгіме құрастыру, қажетті-қажетсіз заттарды ажырату.).

Дидактикалық ойын: «Артық немесе қажетті?»

Шарты: Балаларға әртүрлі заттардың суреттері таратылады (азық-түлік, киім, ойыншық, гаджет, тәттілер және т.б.). Балалар заттарды «қажетті» және «артық» деп екі топқа бөледі.

Дұрыс жауаптарды бірге талқылау.

Әр жұмыс аяқталған сайын балалар «жалақы» алады.

«Ақшаны қайда жұмсаймыз?» (Экономикалық таңдау ойыны)

Шарты: сатып алуға болады-болмайды. Суретке қарап сөйлем құрау. Ақшаны үнемдеу мен дұрыс жұмсауға бағыттау

Әр жұмыс аяқталған сайын балалар «жалақы» алады.

Балаларға екі түрлі жол ұсынылады:

Бірден жұмсау: Ойыншықтар, тәттілер сатып алу.

Үнемдеу және инвестиция: Көп ақша жинау үшін жинақтау.

Балалар: екіге бөлінеді.

1. "Дүкен" ойыны: Балалар сатып алушы және сатушы рөлдерін ойнайды.

Ойыншық ақша беріледі, бағалар көрсетіледі.

Балалар тауар таңдап, ақша төлейді, қайтарым алады.

2. жинақ қассаға инвестиция салады

Құпия: үнемдеген балалар ойын соңында сыйлық алады (мысалы, үлкенірек ойыншық немесе тәттілер жиынтығы).

.Сергіту сәті: «Ақшаны дұрыс жұмсаймыз» сергіту сәті өткізіледі.

Максаты: Балаларды ақшаны үнемдеу мен дұрыс жұмсауға бағыттау, қимыл-қозғалыс арқылы сергіту.

Шарты: Балалар тәрбиеші айтқан сөйлемдерге сәйкес қимылдар жасап, дұрыс әрекетті қолдап, қажетсіз шығынды болдырмауға үйренеді.

Тәрбиеші:

1. «Ас сатып аламыз!»

✓ (Балалар шаналақтап, секіреді)

2. «Барлық ақшаға тәтті сатып аламыз!»

✗ (Балалар отырып қалады)